



# ICBCB

International Conference  
Building Cultural Bridges



## 2012

### IV Мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет, аударма және журналистиканың мәселелері

конференциясы

II том



## IV International Conference Building Cultural Bridges

volume II



[www.icbcb.kz](http://www.icbcb.kz)

**SU**  
SULEYMAN DEMIREL  
UNIVERSITY

[www.sdu.edu.kz](http://www.sdu.edu.kz)

**УДК 811.512**  
**ББК 81.2 – 7**  
**М 35**

**М 35** «Мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет және аударма мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, 27-28 сәуір 2012 жыл. – Алматы: Сүлейман Демирел атындағы университет, 2012. – 498 бет.

**ISBN 9965 – 792 – 05 – 4**

Сүлеймен Демирел университеті Филология факультетінің «Мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет және аударма мәселелері» атты дәстүрлі конференция материалдарының кезекті жинағына қазіргі гуманитарлық ғылым мен білім саласындағы өзекті мәселелерді қамтыған мақалалар топтастырылған. Қай кезеңде де ғылым мен білімнің дамуы, белгілі бір деңгейде, халықтар арасындағы келісім мен мәдениеттер арасындағы рухани үйлесімділікке тікелей байланысты. Жинаққа белгілі отандық ғалымдармен қоса Қытай, Үндістан, Канада, Түркия, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан секілді алыс-жақын шетелдік ғалымдардың да ғылыми ізденістері, тұжырымдары кіргізілген.

Ғылыми жинақ жалпы ғылым сүйер қауымға, педагогтар мен ғылыми қызметкерлерге, докторанттар, магистранттар мен жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

**УДК 811.512**

**ББК 81.2 – 7**

**Бас редактор:**

Месут Ақгүл – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор

**Редакция алқасы:**

А. Кочак, Әміргалиева С., Н.Оразалин, Д.Ыскақұлы, Гаипов Д., Ахметжанова З., Еркінбаев Ұ., А. Құрманәлі, Қасымова Л., Ә. Зәлір, Саудбаев М.

М 460202.0400

00 (05) - 09

ISBN 9965 – 792 – 05 – 4

Сүлейман Демирел атындағы университет, 2012

7. Махамбет поэзиясының философиясы қазіргі заман тұрғысынан <i>Әйтiмбет I. A.</i> .....	131
8. Ақыр заман аманат жырлар <i>М. Оразбай</i> .....	136
9. Орта ғасыр Қазақстан тарихын зерттеудегі жаңаша бағыттар <i>Молдабаева Д.Ж.</i> .....	147
10. Духовно-правственное воспитание личности через народную педагогику <i>Несипбаева О.Д.</i> .....	150
11. Мемлекеттік тілдегі заңдардың сапасын арттырудың басты жолы қазақ тілін жетік білетін заңгер маман даярлау <i>Өміржанов Е.Т.</i> .....	156
12. Жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудегі мақал-мәтелдердің алатын орны <i>Сыздықов Қ.Ә.</i> .....	160
13. X-XI ғасырларда оғыз тайпаларының шығыс еуропаға қоныс аударуы <i>Шалбаев А.А.</i> .....	163
14. Encouraging 'empathy teacher' to create global citizens <i>Lukashova S.</i> .....	167
15. Мәдениеттердің қарым-қатынасы, олардың даму факторы <i>Г.Насипи.</i> .....	172

V секция

ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МАСС-МЕДИАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

V section

TOPICAL ISSUES OF MASS-MEDIA WITHIN THE CONTEXT OF GLOBALIZATION

1. Қазақ әлеуметтік PR-ның қайнар көзі <i>К. Қамзит.</i> .....	178
2. Бүгінгі қазақ киносының келбеті <i>Рамазанова Ж.С., Кәрімқұл II</i> .....	184
3. Тележурналист имиджі <i>Әбдіжәділқызы Ж.</i> .....	189
4. Қазақ публицистерінің жаһандану үдерісі туралы ой-толғамдары <i>Ошанова О. А. Таубаев</i> .....	192
5. Тәуелсіздік және телевизия <i>Ә. Қанат.</i> .....	196
6. Түрксіб темір жолы мәселелері (Тұрар Рысқұловтың 1928 жылы жарық көрген материалдары негізінде) <i>М. Жәпек.</i> .....	201
7. 1890-1930 yıllar arasında kazak basını Türkistan vilayetinin gazetesi <i>Ауелбекова Ш.Е.</i> .....	206

## ҚАЗАҚ ӘЛЕУМЕТТІК PR-НЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Кәкен Қамзин,

филология ғылымдарының докторы, профессор

Заманалы әлеуметтік қарым-қатынас пен мультимедиада, журналистика теориясы мен практикасында қазіргі PR-дың мүмкіндігі мен күш-қуаты барынша пайдаға асырыла бастады. Әсіресе әртүрлі саяси науқандарда, экономикалық мүдделер тайталасында мадақтау-марапаттау тәсілінің бәсі әрдайым ілгері өрістен табылып жүр. Сондықтан оның табиғатын, сын-сипатын, әсер етушілік қабілетін жетік білу жадағай әуестіктен шынайы зәрулікке ауысып, заман талабының бірінен саналатын болды. Public Relations тәсілдері мен технологиялары туралы қазақ тілінде теориялық еңбектер жазыла бастады, іс жүзінде жағымды (ақ) және жағымсыз (қара) пиар (осы арада атақты суретші Казимир Малевичтің ақ және қара шаршысы еске түседі) тез арада қоғамдық өмірдің, жедел насихаттың, индивидтер мен бұқара санасын басқарудың оңтайлы тегігіне айналғаны көрнекіленіп шықты. Бүгінгі күнгі қолданыстағы пиардың спектрін, әрине, тек «ақ», «қара» деп тарылтуға болмайды, өйткені оның мән-мазмұндық құбылысы мен құлпырысы табиғат мен тіршіліктің өзіндей – сан түрлі, сан түсті.

Әсілі, осы шақта Public Relations аталып жүрген құбылыста, қоғаммен байланыс саласында ежелгі және қазіргі қазақы аудиториясына жыға таныс емес принципті жаңалық бар ма? Әлеуметтің құлағына сіңіскен, ғылыми айналымға енген осы атаудың ата тегінен ұлттық жаратылымының белгілерін таба аламыз ба, әлде бұл әлеуметтік менеджмент бағыты Батыс немесе орыс зерттеушілерінің тосыннан тапқан жаңалығы ма, солар ғана соныға салған өріс пе?

Осыған орай тарихи мысалдарға жүгініп көрелік. Мәселен, ертедегі Грекия мифтерінің қалыбына салсақ, елдестігер елшілердің бірден-бір жебеп-желейтін тәңірі – Гермес құдайы. Аңыз бойынша, ол саудагерлер мен жолаушыларды да қолдап-қорғауды өз міндетіне алған. Лавр жанырағымен көмкерілген елшілердің Гермес асасы аталатын таяғының басында құс қанаты және айкастыра өрілін, екі түйілген бау болады екен. Түйін әккілікті білдірсе, құс қапаты әбжілдік пен шалымдылықты сипаттаса керек. Елшілерге ортасынан қақ бүктелген қатырма мен жапсырма қағазға жазылған нұсқаулар – дипломдар тапсырылған. Осыдан келіп «дипломатия» термині қолданысқа енеді. Ал, енді осы дипломатия халықаралық аренадағы PR-дың бір формасы емес пе? Не десек те, қазақ сақарасында (сақтар сөзінен шығарып отырмыз), қалалық мәдениеті мен далалық оркениеті қоса дамыған біздің елде әлеуметтік проблемаларды реттеу әу бастан өнер саласымен, халықтық дипломатиямен, шепендік өнермен біте қайнасып, бірге жасасып келе жатқанын аңғару қиын емес. Қазақтың ауызекі пиары халықпен о бастан қанаттасып келеді, ол тарихи категория. PR-ды дәл қазіргі заман туғызған жоқ, рыноктық қарым-қатынас дүниеге әкелген жоқ, ол, ең алдымен, шығармашылық бәсеке түрінде ежелгі қазақ қоғамының өміріне енді. Осы креативті тәсілді, оның қолда бар өнегесін PR технологиялары осы күні ұқсата игеріп жүр. Бұл тұрасында зерттеуші Е.Н. Паппенцев: «Современные технологии PR порой также имеют давнюю историю», - деп жазады да /1/, 1641 жылы Гарвард колледжі үш уағызшыны қайыр табу мақсатымен Англияға жібергенін және олардың өз «PR - науқанын» табысты атқарып шыққанын мысалға келтіреді. Біз осы арада 1756 жылы университет стипендияларын тағайындау туралы алғаш рет пресс-релиз таратқан оқу орны Колумбия колледжі болуы мүмкін екендігін ескерте кетер едік. Бүгінгі күнгі зерттеушілердің PR құралы ретінде ұсынып жүрген әртүрлі ұрандарын, тиісті рәміздерін, қоғамдық шараларын кезінде британ отарларының бостандық алуы жолында тер төккен төңкерісшіл-насихатшылар ұтымды пайдалана білген. Америка тарихшысы А. Невис саяси қайраткерлер – Гамильтон, Джеймс және Мэдисонның АҚШ конституциясын қабылдау жөніндегі іс-қимылдарын баяндай келе, бұл олардың «тарихта набілік рилейшіз саласындағы ең ажарлы харекеті» болғанын атап айтады. 1807 жылы Томас Джефферсон өзінің конгреске арналған жылдағы жолдауында тұңғыш рет «қоғаммен байланыс» (public relations) сөз тіркесін қолданады, алайда PR-ды 1916 жылы дәл қазіргі мағынасында басқа бір америкалық – Айви Л. Ли іске жегеді, сөйтіп ол осы саланың ресми ізашарына айналады. Осындай ұзақ-сонар өмірбаяны барлығына қарамастан, қоғаммен байланыс саласы жеке кәсіп түрінде Батыста тек жиырмасыншы ғасырдың өліарасында дүние есігін ашты. Ал, бізге, Қазақстан топырағына, қазіргі сипаттағы PR күні кеше табалдырықтан аттаған жиырма бірінші ғасырмен ере келді.

Меніңше, қалыптасқан гуманитарлық ғылым, оның ішінде қоғаммен байланыс саласы жаратылыстан әлі орнын таба қоймаған микродүниені, макроәлемді пайымдайтын, болжайтын